ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 14 мамыр № 5265-26-00-2/1658 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы К.Ш. Мырзахметов оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппаратының «Еңбекші» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Агромашхолдинг KZ» акционерлік қоғамы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде тану
2. Жауапкерді сатып алу шарттарындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауға міндеттеу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот,**

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы «Шымкент қаласының Еңбекші ауданы әкімі аппаратының «Еңбекші» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Агромашхолдинг KZ» акционерлік қоғамы мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер «Агромашхолдинг KZ» акционерлік қоғамы сатып алу шарттарындағы міндеттемелерін толық көлемде орындауға міндеттелсін.

Жауапкер «Агромашхолдинг KZ» акционерлік қоғамынан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 4 352 (төрт мың үш жүз елу екі) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 14.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 15.06.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 01.07.2026

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **К.Ш.**
Мырзахметов

Құжатқа қол қойылған: Мырзахметов К. Ш., 14.05.2026

Заңды күшіне енген күні: 15.06.2026, судья Мырзахметов К. Ш., 01.07.2026

5265-26-3-1/1587